

# Қазақтар туралы атақты шетелдік ғалымдар не дейді?

Кейде өзінді тану үшін өзгенің пікіріне де құлақ түрген артық емес. Төменде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне біршама қанық атақты шетелдіктердің біздің халқымызға берген бағасын ұсынып отырмыз. Шетелдіктердің аузымен айтылған ақиқатқа тіпті мақтанғың да келеді.

**Марко Поло, италян саяхатшысы:**  
...Олар (қазақтар немесе көшпелілер) бие сүтін ақ шарап тәрізді ішеді, "кемиус" деп атайды, өте дәмді. Қарулары садақ, семсер және шоқпар. Садақ атудың нағыз шебері... Қажет болса айшылық жолға ешқандай азықсыз шығады... Қажет болса қару-жарағымен түнді ат үстінде өткізуге бар. Қиындық пен мұқтаждыққа кімнен де болса төзімді.

«Книга Марко Поло о разнообразии мира, записана пизанцем Рустикано в 1298 о.р.»

**Иоган Шильбергер, көне бавар жауынгері:**  
Ұлы Татарияда (қазақ даласы) болдым. Олар нан жеп, шарап ішпейді, оның есесіне бие мен түйе сүтін ішеді. Кең жайылымда өздерінің бар байлығын артып алып, қатын-бала, мал-мүлкімен көшіп-қонып жүреді. Олар өз хандарын ақ киізге отырғызып, үш рет жоғары көтереді. Жорық кезіндегі азапты тауқыметке сондай көніс.

«О великой Татарии»  
**Петр Паллас, саяхатшы неміс ғалымы:**

Қазақтар қан төгуге құштар емес, біреуді өлтіргеннен гөрі тұтқынға алғанды тәуір көреді. Адал қызмет еткен құлға қайырымды...

«Путешествие по разным провинциям Российского государства» 1773 – 1778гг  
**Генрих Клапрот, қытайтанушы ғалым:**

1806 жылдың күзі мен жазында Ертістің жоғары ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде күн сайын қазақтарды кезіктірдім. Аздап түркі тілін білетіндігім Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме септігін тигізді. Кейінірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Қазақ тілі

олардың түркі халқы екенін дәлелдейді.  
«1825 жыл Париждегі «Азия» журналына француз тілінде жарияланған мақаласынан»

**Григорий Потанин, орыс ғалымы:**  
Қазақтар – еті тірі, дені салауатты, өмірге іңкәр халық. Олар сауық-сайранды жаны



сүйеді, ашық түсті киім-кешекті, өмірінде мереке, той-думандарды ұнатады. Эртістік өнер мен сәнді жасану жарыстары қазақтардың бойына атаққұмарлық нышанын дарытуы да ықтимал, мұның өзі оларды француздарға ұқсататын секілді. Афиндықтар тәрізді қазақтар жаңалықты едеттен тыс ұнатады.

Мейлі дала құнарының аңқасы көуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани қан-тамырында күш-жігердің көп-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналымға болғаны.

«В юрте последнего киргизского царевича»

**Юджин Скайлер, американдық дипломат, ғалым:**

Қырғыздар (қазақтар) басқа азияттық халықтарға қарағанда бейне бір бала мінезділігімен ерекшеленеді. Олармен өте жақын танысқаннан кейін қырғыздарды (қазақтарды) құрметтемеуге, жақсы көрмеуге ешқандай шараң қалмайды. Орта Азияда тұрған барлық адамдар – қырғыздар (қазақтар) басқа тайпалардан жоғары тұр деген пікір айтады.

**Д.У.Уарделл, ағылшын инженері:**  
Қазақтар – ер жүрек, еркіндікті сүйетін

халық. Олар өзге көшпенділер сияқты ел-гезектеу. Достарына ақ көңілде, қонақжай, жолаушыға қайырымды, алайда, жауларына аяусыз. Оларға табиғат шешендік пен өзіл-мысқыл сезімін молынан сыйлаған Балаларын шексіз сүйеді. Ұлға үлкенді құрметтеу, әкеге әкелік борышын сезіне білу қасиеті тән

1914 жыл  
**Элизе Реклю, француз географы:**

Бүкіл европалық Ресейдің көлемінде жерді Еділ жағалауынан Тарым алқабына дейін Амударияның аяғынан Ертіске дейінгі өңірді алып жатқан қазақ ұлтын бөгде әсерлерге ұшырамаған ең таза түрік нәсіліне жатқызуға болады. Олар жақыннан қыз алыспайтын экзогамистерге жатады.

«Земля и люди. Азиатская Россия»  
**Э.С.Вульорсон**

Қазақ сияқты ән мен жырды қастерлейтін халықты табу қиын. Кең жазирада жүйткіп жүретін бұл халық бір ауылға келгенін өнмен білдіреді. Қуаныш-қайғысының бәрі өнмен өріледі. Әншілерін өте жоғары бағалайды. Ерлерден әйелдер де қалыспайды.

«Киргизы» М., 1901

**Алексей Левшин, орыс ғалымы:**

Табиғатпен өтене болып, қарапайым тамақ ішіп, таза ауамен тыныстап, жайбарақат ескен қазақтардың денсаулығы мықты болып келеді. Олар күшті, қуатты, ыстық-суыққа төзімді келеді. Жазықта тұрып он шақырым жердегі затты айырып көре береді.

Бала күннен ат құлағында ойнау – күнделікті гимнастикасы. Әйелдер кейде бұл тұрғыдан еркектерден асып түсіп жатады. Көп сөйлей бермейтін тұйық мінезді, жеке дара ойланып отырғанды жақсы көреді. Деспотизмді көп көрмеген қазақтар басқа Азия халықтарына қарағанда аңғал ақ көңіл сөгіш. Қайырымдылық, адамды аяушылық, ақсақалдарға құрмет көрсету – олардың асыл қасиеті.

«Описание киргиз – казачьих, или киргиз – кайсацких, орд и степей»

## Әулие Валентин күнін тойлайсыз ба?

Ақпан айының 14-і қызыл раушаң, шоколад, ашық хаттарға аса көп мән беріледі. Бұл күн – саудагерлердің қалтасын қалыңдататын, түрлі тосын сыйлар мен романтикаға толы күн. Әулие Валентиннің кім екенін білмесек те, қызылды-жасылды ашық хаттарды таратуға құмар-ақпыз. Жүрекшелерді құрбыларымызға қарағанда көбірек алсақ, мәз болып өзімізден бақытты адам жоқтай сезінеміз. Осы тұста нағыз қазақты махаббат мейрамы болып саналатын Қозы Көрпеш Баян сұлу күнінің әулие Валентин күнінен төмен тұрғандығына таң қаламын. Бұл жөнінде халықтың пікірі қандай екен?

**Шолпан Құлмағанбетова, қызметкер:** «Өз басым бұл мерекені тойлауға қарсымын. Айтпақшы, орыс жастары православ шіркеуінің сенушілері католиктер мерекесі саналатын «Валентинді» тойлаудан бас тартыпты. Өзбекстанда мемлекеттік тұрғыда тыйым салынған. Түрікменстанда да солай. Жергілікті мейрамханалар мен кафелердің басшыларына 14-і күні отырыстар ұйымдастыруға болмайтындығы қатаң ескертілген. Осылардың өзі ойланарлық дүние.

Жалпы, махаббат күні мүлдем керек емес. Неге десеңіз, ат қойып, айдар тағатындай махаббат дегенің еленбей қалатын зат емес. Және махаббат тобыр болып тойлайтын сезім емес, жекеленген жүректердің ішкі иірімнен шығатын дүние. Осынау нәзік сезімді жалпақ жұртқа жариялап, айқайлап айта беру оның қасиетін кеміткен үстіне кеміте бермек.

**Ақбар Зиятов, студент:** «Мен мұсылманмын, яғни ұлттым тәжік. Бұл мерекені тойлау мен үшін жат нәрсе. Ал Әулие Валентин күнін мерекелеп жүргендердің көбісі оны «махаббаттың мейрамы» деп қана ойлайтыны рас. Расында, ол - католиктердің діни мерекесі болып табылады. Сонда, ол күнді тойлап жүрген қазақ мұсылман ба, әлде католик пе? Әрине, мен бүгінгі көпшілік жастарымызды жаппай кінәлаудан аулақпын. Себебі, олардың басым бөлігі Валентин күнінің католиктердің діни мейрамы екенін білмейтіні рас қой. Соны бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықтың санасына жеткізуге тиіспіз. Ал Әулие Валентин күнінің католиктердің мейрамы екенін біле тұра тойлаған қазақты өз басым мұсылман деп санамаймын.

**Ділда Жанұзақова, оқушы:** «Әулие Валентин күнін тойлаудың тек жастар үшін ғана маңыздылығы бар. Қазақстанда бұл мерекенің танымал болуының басты себебі шетелде дәл осы мерекені керемет етіп тойлайды. Соған жастар қызығады, соған ұқсатып ерекше атап өткізгілері келеді. Сондықтан түрлі дүниелер жасап жатады. Алайда бұл олардың Валентинді құрметтегендері емес, тіпті оның кім екенін, тарихы қандай екенін білмей тойлап жүргендер де бар. Олар тек романтика, сезімдерін білдіру үшін ғана желеу етіп алады. Ал Қозы Көрпеш Баян сұлу күнін осы мерекеден артық етіп насихаттаса ғана жастардың назарын аударады деп ойлаймын. Бұл тек менің жеке пікірім».



## Суретіңе қарап тамсанам.....

Журналистика мамандығының 1 курс студенті Айтолқын Қапанның сурет әлемі сыр шертеді...



## Итоги акции

Как известно, в период зимней экзаменационной сессии 2014-2015 учебного года в стенах КГУ им. А.Байтурсынова был разработан и утвержден план акции «Чистая сессия». Ее основная цель – обеспечение прозрачности работы профессорско-преподавательского состава, правового сознания и активной гражданской позиции студентов, нетерпимости к проявлениям нарушений антикоррупционного законодательства, формирования у студентов атмосферы нетерпимости к коррупции.

На каждом факультете были организованы посты из числа членов студенческого общественного совета по противодействию коррупции и членов Совета профессоров КГУ. Были созданы телефоны доверия, виртуальные кабинеты «Чистая сессия» для обращения обучающихся по негативным фактам, организованы круглые столы. Во время экзаменов в аудиториях находился дежурный преподаватель, а устные – принимались двумя преподавателями. На факультетах были оформлены информационные стенды о работе штабов, в ходе сессии медиастудией проводились съемки.

Активно вела работу информационно-пропагандистская группа из числа преподавателей и студентов 4-го курса факультета истории и права с целью оказания юридической консультации для всех обучающихся.

Нужно отметить, что к счастью, никаких жалоб со стороны студентов за этот период не поступило. По завершению сессии было проведено анкетирование студентов на предмет удовлетворенности качеством предоставления образовательных услуг и приему экзаменов.

В целом, в рамках акции «Чистая сессия» намеченные и проведенные мероприятия осуществлены в полном объеме.